



A

И Ш К Ъ І Н

## ҮНДЕМЕЙ ЖҮРІП ҮЛКЕН ІС ТЫНДЫРҒАН

### Бақтығұл Ойшыбаев жайлы бір үзік сыр



Бұл өткен ғасырдың жетпісінші жылдары болып еді. Алматыда болған алапат ұшақ апатынан Алланың әмірімен аман қалып, бір жыл бойы емделіп, ақсаңдап жұмыссыз жүрген мені Сәбең – «Советтік сөзге қаламы көрмеген әсте мұқалып, кәдімгі Сәбит Мұқанов» жетелеп «Жазушы» баспасының сол кездегі директоры Еркінбек Дүйсенбековке алып барды.

– Мына бала, – деді Сәбең

Еркінбекке – Сәбит Досанов. КазГУ-дің түлегі. Менің шәкіртім, өзі прозашы, өзі сыншы. Баспаның бағы – осындай білімді, жалындаған жастар. Сен осы баланы жұмысқа ал!

– Штатта бір-ақ орын бар. Оның өзін... біреуге уәде беріп қойып едім, кейін бір реті келер, – деді директор күмілжіп.

– Бұл бала, – деді Сәбең қашанғы әдетімен қарлығыңқы даусын соза өзіміне өктем сөйлеп, – ұшақ апаты кезінде жетпіс жеті жолаушының ішінен жалғыз өзі аман қалып, көп уақытын жоғалтты. Кейінінді басқаға айт. Бұған дәл қазір бұйрық бер!

Тез шешім қабылдаған директор:

– Жарайды, Сәбе, дегеніңіз болсын,- деді. Сосын сол сәтте Сәбеңнің көзінше мені баспаның ең үлкен бөлімі – проза редакциясына редакторлық қызметке қабылдаған бұйрыққа қол қойды.

– Адас, қадамың құтты болсын! – деді сыртқа шығып, жеңіл көлігіне беттеген Сәбең.

Мен сол күні-ақ жұмысқа құлшына кірісіп кеттім...

Арада алты ай өткенде директор мені шақырып алып былай деді:

– Бас редактор Өтебай Қанахин, проза бөлімінің меңгерушісі Амантай Байтанаев бәріміз ақылдасып, саған сенім артқалы отырмыз. Мәселе былай: проза редакциясында алпыс шақты жас жазушылардың қолжазбасы жатыр.

Олардың бәрін жеке кітап етіп шығаруға қазір мүмкіндік жоқ. Сен сол қолжазбалармен мұқият танысып, әр қаламгерден бір, екі әңгіме тандап ал да, жеке жинақ етіп құрастыр. Ол жинақтың бар билігі өзінде. Кімнің бағы жанады, өзің шеш. Бірақ әділ бол. Алғысөзді де өзің жаз!

Баспа директорының кабинетінен аса ауыр жүк арқалап шыққан мен алпыстан астам автордың әңгімелер жинағын айлар бойы күні-түні оқыдым.

Қайран жастық қой, шаршасам да шалықтырмаған. Нәтижесінде, отты да ойлы отыз жас жазушының ең үздік шығармалары топтасқан «Шұғыла» атты

калың кітап жарыққа шықты. Оған «Қарлығаштар қанат қақты» – деген атпен алғысөз жаздым. Әлі есімде, жинақты өндіріске өткізген күні ат жақты, ашық денелі, өзім қатарлы аққұба жігіт келіп, имене сөз бастады:

– Мен – Бақтығұл Ойшыбаев, журналистпін. Сізге бір өтініш айтсам бола ма?

– Айтыңыз.

– Сіз, жас жазушылардың шығармаларын шығарғалы жатыр екенсіз, соған әңгімелерімді ұсынсам деп едім.

– Бауырым-ау, соңғы айларда осында келіп-кетіп жүрсің. Сонда ай қарап жүрдің бе?

– Талай мәрте оқталсам да батылым бармады.

– Неге?

– Қорықтым.

– Мен соншалықты құбыжықпын ба?

– Жо-жоқ, о не дегеніңіз... – деп аяғына жем түскен аттай кібіртіктеп қинала жалғады сөзін, – сіздің сыни мақалаларыңызды оқып жүрмін. Талғамыңыз биік екен, талабыңызға татымай қалам ба деп...

Бақтығұлдың бұлай деуі де жөн.

Себебі, жастықтан ба, әлде тәжірибесіздігім бе, әділдіктің жолы осы екен деп атақты ақын, жазушылардың өзін де қатты сынап, қызбаланып, тым артық кеткенімді кейін білдім. Қадыр Мырзалиевтің:

Сыншы болдым, талайды осып алдым,

Сосын сынға арқамды тосып алдым,

Бұл салада «Соны іздер» тастадым да,

Роман жаздым.

Енді есімі еш жерде аталмайды,

Себебі, мақтауды қимайды,

Сынауға бата алмайды, –

деген мен жайлы шымшымасы сол кезде жазылған болатын.

– Әкел қолжазбаңды. Бүгін үйге алып кетіп, түнде оқимын. Ұнаса – қосамын жинаққа, ұнамаса – өкпелеме, – деп сөзді қысқа қайырдым.

Бақтығұл ұсынған алты әңгімені қызыға оқып шықтым. Өмірдің өз көріністерін құнарлы тілмен келістіре суреттеген керемет, кермиық көркем шығарма екен. Алты әңгіменің үшеуін жинаққа қостым. Әйтсе де, типографияға жіберуге әзірленіп жатқандықтан, алғысөзде Бақтығұл Ойшыбаев жайлы пікір жазуға мүмкіндік болмады. «Шұғыла» жинағының қолжазбасын оқып жатқан корректор әйелдер: «өзіміз мұрнымыздан шаншылап жатқанда қайта-қайта өзгеріс жасай бересің, жұмысқа қолбайлау болады» деп біраз бұрқылдады... Бір қуанышым «Шұғыла» атты сол қалың кітапқа шығармалары енген сол кездегі аты белгісіз Қойшығара Салғарин, Нұрғожа Оразов, Мүсілім Құмарбеков, Күлиман Жүнісова, Ермек Қонарбаев және басқалар кейін талай тамаша, талантты туындылар жазып, алды Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болды. Сол тұста өзім де сол авторлар сияқты жас болсам да талантты тануда адастырмаған Аллаға риза болып, шүкіршілік етемін.

«Шұғыла» жинағына әңгімелері енген таланттар тобындағы Бақтығұл

Ойшыбаев та өз қатарластарымен үзеңгі қағыстыра үздік шығармалар жазды. Олар ойы терең, тілі төгіліп тұрған көркем, таңғы шықтай тап-таза, мөл-мөлдір әңгіме, повестер еді. Әдеби сын мен оқырмандар тарапынан жоғары баға алған ол шығармаларды тізбелеп, талдап оқушының қымбат уақытын алмай-ақ бір ғана жайтты қайталап, қадап айту парыз. Бір кітаптан екінші кітапқа үздіксіз өсіп, шығармашылық шеберлігі шыңдалған Бақтығұл досымның бар көңілі күрмеуі қатты күрделі жанр – романға құлап еді. Сол мақсатқа жету үшін көп ізденіп, көп еңбектенген ол атақты Сырым батыр жайлы романын жайлап жаза бастаған болатын. Амал не, адамзаттың дұшпаны – арсыз ажал осыдан жиырма жыл бұрын арамыздан ерте алып кетті. Армансыз адам, өкінішсіз өмір жоқ. Жарты әлемді жаулаған ұлы қаған Шыңғыс хан да «өмірде өкінішім көп» депті. Франция сынды ұлы империяны ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында ұстаған Наполеон: «Мен бақытты бола алмадым» деп жазыпты күнделігінде. Егер Алла тағала біраз өмір бергенде, Бақтығұл Ойшыбаевтың қуатты таланты қазақ әдебиетіне үлкен олжа салары күмәнсіз еді.

Бақтығұл Ойшыбаевтың бір бақыты – соңында қалған әдеби шығармалары, бір бақыты – ұлағатты ұрпағы. Бақтығұл досымның перзенттері жайлы ойлағанда менің есіме Эпиктеттің: «Күллі ғажайыптардың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген адам» деген сөзі түседі. Бақтығұлдың Жаннасы мен Кемелбегі – журналист, Гүлжамалы – кітапханашы, Еркінбегі – мұнайшы мамандықтарын игеріп, ел игілігі жолында еселі еңбек етіп жүр. Ең бастысы – бұлардың бәрі де жан дүниесі бай, Эпиктет айтқан «жақсы тәрбиеленген адам». Осы орайда өз перзенттерін жақсы тәрбиелеген Бақтығұл мен бүгінде жарының шырағын сөндірмей отырған аяулы жары, немерелерінің әзіз әжесі Мұнираның ақыл-парасатын ерекше атап өткен жөн.

Батыс Қазақстан облысы бұрынғы Жымпиты, қазіргі Сырым ауданының «Қызыл ту» газетінде редактор, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болып өмірінің соңына дейін халыққа қалтқысыз қызмет еткен Бақтығұл досым үндемей жүріп үлкен істер тындырды. Газеттің көзге көрінбейтін ауыр жұмысымен бірге, ауыл шаруашылығының өмірі бір бітпейтін шөп шабу, мал төлдету, көктемгі егіс сияқты сан-салалы жұмыстарына жекті оны партия. Күндіз таусылмайтын бейнет, түнде шығарма жазу оңай ма? Оның үстіне ол өз күтімін көп күйттемейтін, өзгелердің жайын ойлайтын. Соның бәрі – жүрекке жүк. Денсаулыққа сызат түсті. Курорт, демалыс дегенді білмеген тынымсыз тіршілік те өмірді қысқартты.

Көрнекті қаламгер Бақтығұл Ойшыбаевтың өмірден озғанына – жиырма жыл. Әйтсе де, оның екінші өмірі – рухани өмірі шырайлы да шұрайлы шығармалары арқылы жалғасып жатыр, алда да жалғаса береді.

**Сәбит Досанов,**  
**жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, М.Шолохов атындағы**  
**Халықаралық сыйлықтың иегері**